



ТІЛ – ИНСТИНКТ

Тілдер бір-біріне ұқсағанмен
бірдей емес





Жоспар:

1. «Вавилон сабылысы» атты өткен тақырыптың жалғасы.

Стивен Пинкер адамзат тілдерінің ерекшеліктерін талдауда Ноам Хомскийдің тұжырымдамасына сүйене отырып, «Жерге ұшып келген марстық ғалым лексиканың ерекшеліктеріне қарамастан жер бетіндегі адамдар бір тілде сөйлейді деген қорытындыға келетін болар», – деп ой тастады. Бірақ осы ойды Стивен Пинкер бүгін былай деп жалғастырады «Егер марстық ғалым жердегілердің бәрі бір тілде сөйлейді деп қорытынды жасаса, онда оны Жердегі тілдің неліктен өзара түсініспейтін мыңдаған диалектілердің болғаны қызықтырар еді».

Мұндай пікір екі нәрсеге назар аударады. Ең алдымен, Тілдер арасындағы айырмашылықтарға және Тілдегі орын алатын өзгерістерге. Бұл мәселелер бүгінгі дәріс жоспарымыздың негізі болып отыр.

Жер бетіндегі ғалымдардың осы мәселе бойынша тиянақты жауабы жоқ. Физик-теоретик Фримен Дайсон: тілдің әртүрлі болуы белгілі бір мақсатты көздейді деп қорытындылады. Таза күйінде биологиялық және мәдени эволюция жылдам жүруі мүмкін болатын ерекше этникалық топтарды құрып, «осы арқылы табиғат бізге жылдам дамуымызға мүмкіндік береді», – дейді ғалым.

Алайда Дайсонның эволюциялық түсініктемесінің кемшілігі бар: Ататектің алдын ала көре білетін қабілеті жоқ, ол он мың жылдан кейін болашақ мұзды дәуірде солардың біреуі іске асады деп үміттеніп, өзгерулер үшін өзгертулер жасап жатқан жоқ, адамдарға қазір барынша жақсы қызмет етуге тырысады. Ғалымдардың қатарында Дайсон бірінші емес тілдік әртүрлілікке қандай да бір міндетті жүктегені. Бір лингвист құрып бара жатқан бара тайпасынан шыққан колумбиялық индеецтен неліктен мұнша көп тіл бар деп сұрағанда, ол былай деп түсіндірген: «Егер біз бәріміз тукано тілінде сөйлесек, әйелді өзімізге қайдан табатын едік?».

Квебек тумасы болғандықтан мен – тілдік әртүрлілік жақсы болсын, жаман болсын, ақыр аяғы ұлттық өзін-өзі анықтау процесіне әкеледі деп айтар едім. Алайда Дайсон бара тайпасынан шыққан индеецтер туралы болжамдары артқа бұрады.

Әрине, эволюция жолы осыны жоспарлады деп болжасақ, өзектік элементтің басында келетін сөздердің орын тәртібінің параметрі бірнеше рет этникалық топты жіктеуге әсер етті.

Адамзат кімді жек көру керектігін анықтау үшін, ұсақ айырмашылықтарды табандылықпен іздеп табады. Еуропадан шыққан американдықтардың терісі ақ, ал Африкадан шыққан американдықтардың терісі қара болғандығы, үнділер сиыр етін жемеуді қатаң сақтаса, ал мұсылмандар шошқа етін жемеуді қатаң қадағалайтыны немесе Лемюэль Гулливердің көпшілікке белгілі естеліктерінде баяндағандай, бір тіршілік иесі жұмыртқаны үшкір жағымен жарса, екіншілері – доғал жағымен жаратындығы жеткілікті. Тілдер біреуден көп болғандықтан, этноөзектік қалған істі атқаруы мүмкін, бізге неліктен тілдер көп екендігін түсіну қажет туып отыр.

Дарвинның айтуынша, мәселені тереңнен түсіну кілті мынада: әртүрлі тілдер мен оқшауланған түрлердің қалыптасуы, біріншісі де, екіншісі де біртіндеп дамығанының дәлелі ретінде таңғаларлықтай ұқсас... Оқшауланған тілдерде біз шығу тегі жалпы болу себебінен керемет сәйкестіктерді және қалыптасу процесінің ұқсас болу себебінен ұқсастықтарды табамыз. Органикалық тіршілік иелері сияқты тіл де топ ішінде тағы бір топтарға таптастырылуы мүмкін және олар шығу тегіне сәйкесінше табиғи түрде де, басқа өлшемдер бойынша жасанды түрде де таптастырылуы мүмкін. Үстем тілдер мен диалектілер кеңінен таралған және басқа тілдердің біртіндеп жойылуына әкеледі. Биологиялық нысан ретінде тіл жоғалса, қайтадан пайда болмайды.

Иә ағылшын тілі неміс тіліне ұқсас, бірақ бұл тілдер бірдей емес. Салыстырмалы түрде: түлкілер қасқырларға ұқсас, бірақ олармен бірдей болмайтыны анық.

Ағылшын және неміс тілдері – бұл өткен уақытта сөйлеген жалпы Ататілдің модификациясы, ал түлкілер мен қасқырлар – өткен уақытта өмір сүрген биологиялық ататектің модификациясы.

Осы орайда, Дарвин өзінің биологиялық эволюция туралы идеяларын лингвистикадан алғанын айтады. Бұл шынайлық біз, яғни ұрпақтар үшін өте маңызды. Әсіресе Стивен Пинкердің психолингвистикадағы тұжырымдамасын дұрыс қабылдау үшін.



Тілдер арасындағы айырмашылық пен биологиялық нысандар арасындағы айырмашылық ұзақ уақыт бойы іске асып келе жатқан үш процестің салдары. Олардың біреуі – өзгермелілік, биологиялық түрде ол – мутация; тілде ол – лингвистикалық инновация. Екіншісі – бұл индивид ретінде сақталу, ұрпақтар өздерінің өзгерісінде аталарын қайталайды, биологиялық түрде – ол генетикалық тұқым қуалаушылық, тілде – білімділік. Үшіншісі – бұл оқшаулық, биологиялық түрде – күйлеу кезеңі немесе репродуктивті анатомияға қатысты географиялық; тілде – көші-қонға немесе әлеуметтік кедергіге негізделген. Екі жағдайда да оқшауланған популяция түрленімнің жекелеген жиынтығын жинап, уақыт өте келе өзгереді.

Тілдің көп болуының екінші себебі – бұл нұсқалылықтың дүниеге келуі. Мысалы, бір адам бір жерде көршісінен ерекше сөйлей бастауы – инновация болып келеді. Мұндай инновация эпидемия тәріздес тарау керек. Сонда ғана бұл кезеңде оны балалар меңгереді. Нұсқаулықтың дереккөздері көп болуы мүмкін. Сөздер ойдан шығарылады, басқа тілдерден кірме сөздер алынады, жаңа мағыналарға ие болады, ұмытылады. Жаңа жаргон немесе сөйленіс стилі қандай да бір субмәдениет ішінде тамаша дыбысталуы, содан кейін көпшілік тіліне енуі мүмкін. Мұндай кірме сөздің қандай да бір мысалдары – бұл тіл «әуесқойларына» арналған газет бағанын жүргізуші журналистерді сүйсіндіретін нәрсе, ондай сөздер көптеген кітаптар мен мерзімді баспасөздердегі мақалаларға енеді.

Ағылшын тілі кимоно сөзін жапон тілінен, ал банан сөзін испан тілінен, мокасинды америкалық индеецтер тілінен т.б. алды деген факт бізді ерекше сезімге бөлеуі керек пе?

Тілдік түйсіктің арқасында тілдік инновацияларда ерекше таңғаларлық нәрсе бар: тіл берілетін тізбектегі әр буын – бұл адам миының көрінісі болып келеді. Бұл ми Әмбебап Грамматикамен қамтамасыз етілген және сөйленіс айналасында дыбысталатын әртүрлі ережелерге оның мысалдарын әркез іздеумен болады. Сөйленіс бейберекет, ал сөйлемдер екіұшты болғандықтан, кейде адамдар естігендерін басқаша ойлап, оны сөйлеуші шын мәнінде қолданған емес, басқа сөздік мақалаға немесе басқа ережеге қатысты ретінде түсінуі мүмкін.

Бұған қарапайым мысал – бұл orange «апельсин» сөзі. О баста ол испан тіліндегі *paranjo* сөзінен келді. Алайда бір кезде шығармалық тұрғыдан ойлайтын әлдебір белгісіз адам *a porange*-ді *an orange* деп қайта ойлауы мүмкін. Сөйлеуші де, тыңдаушы да талдай келе, бұл синтаксистік топ – *anorange* бірдей дыбысталатынын анықтаған, бірақ егер тыңдаушы қалған грамматикаға да шығармашылық тәсілмен келсе, онда *those noranges* орнына *those oranges* сөз тіркесі қолданылған мысалдағыдай өзгеріс айқындала түседі. Мұндай сөз трансформациясы ағылшын тілінде жиі кездеседі. Бұл жерде трансформация ұғымы түрлендіру мағынасын білдіреді, яғни басқа тілден келген сөздің түрленуі деп түсінуге болады.

Басқа да түрлену мысалдарын көрейік. Сөз ілесу процесі. Сөз басқа бір сөзге ілескенде, бұзылып, сол сөзбен біріккен кезде, басқа морфологиялық ережелер пайда болу мүмкін. Етістік шақтарының көрсеткіштері көмекші етістіктерден шыққан болуы мүмкін; мысалы, *-ed* ағылшын жұрнағының түрленуіне *did* жұрнағы себеп болды. *hammer-did* *hammered* сөзбе-сөз, «балғамен жасады – соқты [балғамен]» жасалған болар. *he* мен *her* етістікке қиысу көрсеткіші ретінде қосылуы мүмкін. Қарастырылған морфологиялық түрлену – сөздердің бірігу процесі болып табылады.

Түрлену процесі синтаксисте де болып жатады. Сол кезде синтаксистік құрылымдар қалыптасуы мүмкін. Мысалы, ағылшын тілінде септік көрсеткіштері болған кезде, *give him a book* «оған кітап бер» деп, не болмаса *give a book him* «бер кітапты оған» деп те айтуға болады. Алайда бірінші нұсқасы тереңірек таралған. Күнделікті сөйленісте септік көрсеткіштері өшіп кеткенде, егер сөздердің орын тәртібі бұрынғыдай түрленіп отырғанында, көптеген сөйлемдер екіұшты болар еді. Ең көп таралған сөздердің орын тәртібін синтаксистік ереже ретінде сақтайтын болды. Көптеген қайта қорыту арқасында басқа да құрылымдар түзілуі мүмкін. *I had written a book* «Мен кітап жаздым» ағылшын перфекті о баста *I had a book written* сөзбе-сөз, «Мен жазылған кітапқа ие болдым» деп көрсетеді.

Тілдердің бөлінуінің үшінші себебі – бұл нәтижесінде жемісті инновациялар барлық жерде таралмайтын, бірақ әр топта жеке жиналатын тілде сөйлейтіндер тобының оқшаулануы. Адамдардың әр ұрпағы өз тілін түрлендіргенімен, бұл өзгерістердің көлемі көп емес; көптеген дыбыстар өзгеріссіз қалып, мутацияға ұшырайды және көптеген құрылымдар қайта қорытылғаннан гөрі, бірден дұрыс қорытылады. Осы тегіс қамтыған консерватизмнің



арқасында кейбір лексикалық, фонетикалық және грамматикалық модельдер мың жылдап өмір сүруде. Олар бұрын өткен жаппай қоныс аударудың бағытын көрсетіп және қазіргі тіршілік ортасына жету үшін адамзаттың жер бетінде таралуының кілті болып, тасқа айналған сүйектердің рөлін атқаруда.

Бұл дәрістің аясында тағы да бір қажетті нәрсеге көңілімізді бөлгеніміз жөн болар. Америка мен Англияны отаршылдар мен иммигранттар Атлант мұхитын кесіп өтіп, өздерін британ тілінен оқшаулаған кезде алғаш рет жалпы тілді құрады десек болады. Сол кезең Англия аймақтық диалектілердің Вавилоны болды. Өскен стандартты америкалық диалектінің тұқымын оңтүстік-шығыс Англиядан шыққан атаққұмар әрі өз жағдайына көңілі толмаған кедейлер мен орта тап өкілдері сепкен болатын. XVIII ғ. америкалық акцент байқала басталды, ал америкалық оңтүстіктегі айтылым көшіп келген ольстерлік шотландтар ықпалына ұшырады. Батысқа ілгері жылжығанда шығыс жағалауының әртүрлі диалекілері әлі де сақталған болатын, алайда алғашқы қоныс аударушылар ары қарай жылжыған сайын диалектілер араласып кетті.

Кең жатқан ішкі құла даланы игеру үшін әсіресе, Калифорнияда қатты байқалды. Айтарлықтай аймақтық айырмашылыққа қарамастан Құрама Штаттардың ағылшын тілі әлемде көлемі бойынша сондай территорияда қолданылатын тілдермен салыстырғанда біркелкі; бұл процесті «Керісінше Вавилон» деп айтса да болады.

Ағылшын тілінің түбірі бірінші мыңжылдықта англдар, сакстар және юттар деп аталатын пұтқа табынушы тайпалар мекен еткен Дания жанындағы Германияның солтүстігіндегі бір аймақта жатыр. V ғ. әлсіреген Рим империясының әскері Британияны тастап кеткен соң, бұл тайпалар болашақта Англия («Англдар елі») болатын территорияға басып кірді де, оның байырғы тұрғындары – кельттерді Шотландия, Ирландия, Уэльс пен Корнуэллге ығыстырды.

Лингвистикалық тұрғыдан түбегейлі жеңіліс болды: ағылшын тілінде кельт тілінің ізі жоқ. IX–XI ғғ. Англияға викингтер шабуыл жасаған, алайда олардың тілі жалпы скандинав – ағылшын-сакс тіліне жеткілікті деңгейде ұқсас және кірме сөздерді есептемегенде, көне ағылшын тіліне елеулі әсер етпеген.

1100–1450 жылдар аралығында, яғни Чосер уақыты деген атаумен белгілі кезеңде ағылшын тілі көптеген өзгерістерге түсті. Соның бірі қазіргі жазуда «мылқау» ретінде берілген буындар о баста анық айтылатын. Мысалы, make [meik] сөзі екі күрделі сөз ретінде айтылған. Алайда соңғы буындар allow сөзіндегі a [э] сияқты бейтарап дауыстыға дейін қысқарған, ал көп жағдайда мүлде жоғалып кеткен.

Ал Шекспир өмір сүрген, король Иаков басқарған және Библияның аударма жасалған кезеңі – бұл 1450–1700 жылдар аралығы. Бұл кезең тарихта Ерте Жаңа Англия кезеңі деп танылады. Осы уақытта созылыңқы дауыстыларды айтудағы революциясы бастау алған. Мүмкін бұл құбылыстың мақсаты созылыңқы дауыстылар қазір көбейген біртұлғалы сөздерде тым қысқа болып естілгендігіне өтеу болар; немесе қоғамның жоғары қабатының өкілдері осы тәсіл арқылы өздері мен төменгі қабат өкілдері арасында шек қоймақ болған. Себебі нормандық француз тілі қолданыстан шығып қалды.

Англдар мен сакстардың тілі өздігінен пайда болған жоқ; олар ата-тіл герман тілі біздің дәуірдің бірінші мыңжылдығында солтүстік Еуропаның едәуір бөлігінде өмір сүрген тайпа тілі эволюциясының өнімі. Бұл тайпаның батыс бөлігі бізге англо-саксон ғана емес, сонымен қатар неміс және оның идиш бөлігін, голланд және оның африканс бөлігін әкеліп, екі топқа бөлінді. Солтүстік бөлігі Скандинавияға қоныстанды да, швед, дат, норвег және исланд тілдерінде сөйледі. Бұл тілдердің лексикалық ұқсастығы бірден байқалады, грамматикада да ұқсастықтар жетерлік.

Герман тайпасының аталары жазу тарихы немесе материалды мәдениетте айтарлықтай із қалдырмады. Алайда олар өмір сүрген жерде ерекше із қалдырған. Бұл ізді 1786 ж. Үндістанда жұмыс істеген британ судьясы Сэр Уильям Джоунз анықтаған. Бұл ғылым тарихындағы ең керемет жаңалықтардың бірі.

Жалпы айтқанда, ағылшын тілі тәріздес әлемдегі барлық тілдер өзгеріске түскен. Мысалы, санскрит тілі. Бірақ бұл тіл қаншалықты көне болғанына қарамастан, керемет құрылымға ие; грек тіліне қарағанда жетілдірілген, латын тіліне қарағанда бай, екеуіне қарағанда нәзік, сонымен қатар, етістік түбірлері де, грамматикалық формалары екеуіне де ұқсас. Шын мәнінде ұқсастықтың көптігі соншалықты, егер филологтар бұл мәселені зерттесе, ең алдымен үш



Кітап: Тіл – инстинкт

Дәріс: 16. Тілдер бір-біріне ұқсағанмен бірдей емес

тілдің ататілін айқындайтын еді. Өкінішке қарай, көп тілдер мұндай тағдырға ұшыраған. Көне парсы, түркі тілдерін да сол топқа қосуға болады.